

рухани-мәдени дамуын, танымдық деңгейін жетілдіруде, интеллектуалдық өсуін қалыптастыруда айрықша көрініс береді.

Ұлт ұстазы, ұлттың рухани көсемі, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін салушылардың бірі, ғалым-ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: "Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Әдіс керектіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Әдістің де озығы бар, тозығы бар, әрбір ұлт тіліне лайықты - лайықсызы бар, қолайлысын таңдап алу күрделі іс" - деп түйін жасайды [1;240]. Ғалым-ұстаздың жоғарыда келтірілген пікірінің күні бүгінге дейін өзектілігі жоғары және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тәрбиелік, тәлімдік мәні көкейкесті екенін байқаймыз. Әрбір педагог дәстүрлі әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияны қажеттілігіне қарай ұтымды, тиімді қолданғанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы. «Сардар» баспа үйі 2009.
2. Аймауытұлы Ж. Психология. – Алматы. 1995.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”.// Қазақстан мектебі. № 1. 2007.
4. Бейсембаева А. “Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендірудің мүмкіндіктері”. // Қазақстан мектебі. № 4. 2001.
5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.
6. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы. Өркен, 2007.
7. Гин А.А. Приёмы педагогической техники: Свобода выбора. Открытость. Деятельность. Обратная связь. Идеальность : Пособие для учителя. – 5-е изд. – М.: Вита – Пресс, 2003.
8. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. – //Қазақстан мектебі, № 5, 2013.
9. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.
10. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жолдары. Алматы. 2006.
11. Қадірқайырұлы Қ., В.М.Монахов, Л.Оразбекова, Т.Әлдібаева. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. Алматы. 1999.
12. Авдарсолқызы С., Авдарсолұлы М. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқыту. Алматы. 2013.

ҚАЗАҚ БАЛАСЫН ҚАРАҢҒЫЛЫҚТАН, ЖАРЫҚҚА ҰМТЫЛДЫРҒАН – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Калиоллина Г.Р.

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«№61 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қалам ұстап, ой кешкен ғұламаның қазақ әдебиетіндегі негізгі жанрларды қалыптастырып, өрісті һәм жемісті шығармашылығы, оның жазған поэзиялық туындыларын айтпағанда зерттеу еңбектері біздің сөз өнерімізге қосылған қымбат қазына. Жан-жақты өнер иесі, тоғыз қырлы, бір сырлы арыстың қаламынан туған құнды дүниелер жұрттың ой-санасында, елдің ақыл-зердесінде мәңгілікке қалды. Олай дейтініміз,

қазақтың бас ақыны Абайдың өшпес рух, мәңгілік алау болып маздаған, болашақ ұрпақпен сырласу хақында терең тебіреніспен жазған өлеңдерін жеткізуші, оқырманмен қауыштырушы ретінде еңбегі ерен.

Қазақ баласын қараңғылықтан, жарыққа ұмтылдырған тұнғыш танымдық оқулық құрастырушы Ахмет болғандығын ешкім жоққа шығармайды. Алғаш қазақша әліппені жасауы, араб жазуына кіргізген өзгерісі, ана тіліміздің негізгі терминдерін қалыптастырып, жазу-сызудағы ұлы еңбегі туралы талайлар тәтіпштеп жеткізді. Солардың ішінде, қазақ қаламгері Сәбит Мұқанов:

«Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бір тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат бағалайды», – деп жазды.

Сонымен қатар, қаламгер Серік Қирабаевтың мына бір сөзі біздің ойымызды толықтай қуаттайды: «Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар-ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек» – деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады, – дейді Серік Қирабаев.

Сәкен Сейфуллин: «...Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патшаның арам қулықты атарманшабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. ... Құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлттық намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың кейбір оқығандары арларын сатып, ұлықтық іздеп жүрген кезде Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметін қылды. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» атты өлең кітабын және «Оқу хәм тіл құралын» жазып шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін Ахан, өзі айтқандай «қызыл» бола алмады. [2.9]», - деп Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық деңгейіне жоғары баға береді.

Бұдан бөлек, этнограф жазушы ретінде 1926 жылы Мәскеуде жарық көрген «23 жоқтау», «Ер Сайын» кітаптары сыры тереңде жатқан сүбелі еңбек еді. Сондай-ақ, сол жылы Ташкентте «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности») деген атпен басылған еңбегінің құны өлшеусіз еді. Мұнда әрбір термин сөздің мән-мағанасын ұғындырып, бірнеше мысал келтіріп жазды. Мәселен, «архитектура» деген сөзді – сәулет өнері, «скульптура» дегенді сымбат өнері деп атап, түсіндіріп, «тайға таңба басқандай» көрсетті. Және өлең құрылымын, өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ, буын, ұйқас сияқты өлеңтанудың негізгі жолын «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетіп, талдап жеткізді.

Ахметтің «Маса» атты әйгілі өлеңдер жинағы қалың оқырман, бүгінгі ұрпақ, болашақ буын үшін тарихи маңызы зор болды. «Маса» – патша заманында қазақ халқының басынан кешкен аса ауыр хал-ахуалын айнытпай суреттеп берген, шыншыл көркем шығарма ретінде оқырманның жүрегінің төрінен орын алды. Ол себебі, дәуір туындысы еді.

Ал, ақынның «Қырық мысал» кітабын Крыловтың аудармасына балау ағаттық болар. Өйткені, Ахмет Байтұрсынұлы Крылов мысалдарының тақырыбын ғана алып, өзінің төл шығармасындай емін-еркін жырлап, поэзияға терең бойлап, биік парасатпен, көңілге тоқып, жүректерге ұялатты.

«Қартайған арыстан», «Аққу, шортан хәм шаян», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек», «Қайырымды түлкі» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды қозғап, оқиғаларды адамдар арасындағы жағымсыз қылықтарды көрсете білді. «Қартайған арыстан» мысалында:

«Айтылған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман, осалы бар.
Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас,
Ойласаң табылмай ма, неше адамдар?
Дұшпанын ерегiскен жалғыз бүрген.
Қартайған Арыстандай әлі кетіп,
Қаруы бұл уақытты азып жүрген.
Бақ қонса, сыйлар Алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады, малайың да, – деп әлеуметтік мәселені арқау етіп, жеткізеді. Атап айтқанда, ақын мысал өлеңдерінде адалдық пен арамдық, талан пен күншілдік, достық пен қастандық туралы ой толғаныс, көңілдің көрігін басып, ақиқаттың ақ сандығын ашты. Барлық өлеңінің стилін, тілін толық көрсетуді былай қойып, мына бір «Сары Шымшық» өлеңін толықтай көз жүгіртсек, оның өзі жоғарыдағы айтқанымызды дәлелдей түседі.

«Мақтанып сары Шымшық шалқып-тасты,
«Теңізді өртеймін!» деп лақап шашты.
У-шу боп, бұл хабарды естіген соң,
Теңізді тастап, құстар үркіп қашты.
Таң қалып, «тамашаны көреміз» деп,
Алыстан аңдар келді әдейі іздеп.
Адам да түс-түс жақтан келе жатыр,
Лек-лекбоп, топ-тобымен мыңдап, жүздеп.
Есепсіз теңізге көп халық келді,
Шымшық «теңіз өртейді!» деп нанып келді.
Балық жеп, сорпа ішіп тойынбаққа,
Аш пенен көбінесе арық келді.
«Бір соғым пұлсыз астан» дейтіндер де,
Қасығын қолдарына алып келді.
Үңіліп, суда болып назарлары,
Сыйып тұр жағалауға азар бәрі.
Теңізді жанады деп кім естіген?
Көрмекте соны жұрттың ынтызары.
Сары Шымшық мақтанды ма, ойнады ма,
Кім білсін, күйдірем деп ойлады ма?
Теңізге от салғанмен, жана қоймас,
Десеңші: «Тым болмаса, қайнады ма?»
Ол теңіз, күймек түгіл, қайнаған жоқ,
«Жұрт неге келді» деп те ойлаған жоқ.
«Қап, бәлем, тоқтай тұр!» – деп Шымшық қайтты,
Теңізге тісін басып қайраған боп.
Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,
Мақсаты оныменен түс болмайды.
«Ұялған тек тұрмайды» деген рас,
«Қап, бәлем, тоқтай тұрмен» жұртты алдайды» – деп келетін өлеңде шымшықтай

қолынан келмес дүниеге әуре болып желіккен жандардың бейнесін анық аңғарамыз. Шымшық арқылы кеудесін соғып мақтанғанымен, қолынан ештеңе келмейтін адамның қандай жиренішті кейіпке түсетіндігін мәлімдейді.

Жақсылық пен жамандықты салыстыра отырып, жақсы істің артықшылығын көпке әкелер пайдасын атаумен бірге, жаман істің енді жамандыққа ұрындыратынын, зиянды екенін көрсетеді. Бұл арқылы адам баласы қай жағынан алып қараса да, таза, адал, ар иесі

болу керек деген қорытындыға келеді. Өлең – өз дәуірінің айнасы, ақынның тұтастай ғұмырымен сабақтасып тұратын құбылыс. Біз Ахмет атамыздың өлеңінен әділетсіздікке жаны қас, шындықты бетке айта алатын батыл, халықты тілімен қорғаған өткір сыншы деп дөп басып айта аламыз.

Заман тынысын, мезгіл мінезін тамыршыдай тап басып танитын Ахмет Байтұрсынұлының қай шығармасын оқысаң да, жон арқадай жоталы туындылар. Ұлттың Ұлы ұстазына, Алаштың ағартушысына айналған Ахмет бабамыз жалаң ниет, жалаңаш идея емес, жарқын болашаққа, қатал шындыққа қаламын қайрап, жұмыр басын жұрты үшін өлімге байлаған қайталанбас тұлға ретінде оқыған сайын тани түсеміз.

Бүгінгі қоғамның түйткілді мәселесіне айналған ана тілдің тағдыры алаштықтарды алаңдатты. Ахмет Байтұрсынов: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек», – деген ұлы талабын жүзеге асырды.

Қорытындылай келе, «Алаш» партиясы – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілік мүддесінің үзілмеген арқауы. Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан! Алашорда көсемдерінің бірі, хәм бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы қай қырынан алсақ та, саналы ғұмырын халқына арнаған қайталанбас қайраткер. Ұлт ұстазының елге белгісіз қалған, зерттелмей жатқан еңбектерін жарыққа шығару, ел кәдесіне жарату, оның қайраткерлік тұлғасын, шығармаларын кеңінен насихаттау кезек күттірмейтін мәселе дер едік.

Қайралған қанжардың жүзінде жүріп, Тәуелсіздік жолында күрескен қайран ерлер қалың елінің есінде мәңгілікке сақталары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013ж.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1992ж.
3. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995ж.
4. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Жалын, 1997ж.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу // Құрастырған: Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991ж.
6. Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиет тану оқу құралы. – Алматы: Қазақ Баспасы, 1932ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

*Адилишева Г.М.
оқу тәрбие ісінің меңгерушісі,
орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы
«Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ-і, Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы қазақ даласындағы ауыр кезеңдердің нағыз шырқап тұрған кезі болды. Елінің өзге бодандықтағы езгісімен тек білім арқылы күресетінін түсінген ол, білімді және сауатты адам болуға ұмтылды. Білім шапағатының мол екенін өзгелерге ұғындырып, кең дала төсінде көзі ашық қазақ баласының дәурені болғанын мақсат етіп алға ұмтылды. Қылышынан қан тамған репрессия жылдарының